

Мәслихаттың 2020 жылғы 29 қыркүйектегі № 539 "Қостанай облысы бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Қостанай облысы мәслихатының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі № 52 шешімі

Қостанай облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Қостанай облысы мәслихатының 2020 жылғы 29 қыркүйектегі № 539 "Қостанай облысы бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9480 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Қостанай облысы бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың қағидаларында:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабының 1-тармағына сәйкес ауыл шаруашылығы жануарлары жайылатын және оларды айдап өтетін жерлерді белгілеу кезінде жануарлар дүниесі объектілері мекендейтін ортаны және олардың көбею жағдайларын, жануарлардың өріс аудару жолдары мен шоғырланған жерлерін сақтау жөніндегі іс-шаралар көзделеді және жүзеге асырылады, сондай-ақ жабайы жануарлар мекендейтін орта ретінде ерекше құнды болып табылатын учаскелерге ешкімнің қол сұқпауы қамтамасыз етіледі". "

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облыстық мәслихатының төрағасы

С. Ещанов